

Жер қойнауын зерттеу және пайдалану аясындағы жеке кәсіпкерлік саласында тексеру парагының нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2011 жылғы 27 қыркүйектегі № 348 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің м.а. 2011 жылғы 1 қазандағы № 325 бірлескен Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылды 24 қазанда № 7275 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 740 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 шілдедегі № 538 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.06.2015 № 740 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 20.07.2015 № 538 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бүйрығымен.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңы 15-бабының 1- тар мағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

сәйкес

БҮЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын зерттеу және пайдалану аясындағы жеке кәсіпкерлік саласында тексеру парагының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (Б.М.Тұрғанбаев):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуінен кейін оның ресми жариялануын;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 18 ақпандағы № 73 және Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің міндеттін атқарушының 2010 жылғы 15 ақпандығы № 31 «Жер қойнауын пайдалану саласындағы тексеру парағының нысанын бекіту туралы» бірлескен бүйрекшілдегі (Нормативтік

құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6079 тіркелген, 2010 жылғы 13 мамырдағы № 67 (1863) «Юридическая газета» және 2010 жылғы 13 мамырдағы № 67 (1689) «ЗАң газеті» газеттерінде жарияланған) күші жойылды

д е п

т а н ы л с ы н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар вице-министрі Н.Е. Сауранбаевқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Индустрія және жаңа
технологиялар министрінің
міндетін атқарушы
A. Pay

Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және сауда
министрінің міндетін атқарушы
M. Құсайынов

Қазақстан Республикасы
Индустрія және жаңа
технологиялар міндетін атқарушы
2011 жылғы 27 қыркүйектегі
№ 348 және
Қазақстан Республикасы
Экономикалық даму және
сауда министрінің міндетін
атқарушы 2011 жылғы
1 қазандагы № 325 бірлескен
бұйрығымен бекітілді
нысаны

Жер қойнауын зерттеу және пайдалану аясындағы жеке кәсіпкерлік саласында тексеру парагы

Мемлекеттік органның атауы _____

Тексеруді тағайындау туралы акті _____
(№ , күні)

Бақылау субъектінің атауы _____
Орналасқан мекенжайы _____

р / с №№		қажет емес
Көмірсүтек шикізаты		
1	Геологиялық барлау жұмыстарының, геофизикалық жұмыстардың, ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ұнғыларды салу, технологиялық жұмыстардың жобалық құжаттарының болуы және орындалуы, әзіrlenімдердің технологиялық схемасы және авторлық кадағалау есептері, Қазақстан Республикасының Қор жөніндегі мемлекеттік комиссиясының және Қор жөніндегі орталық комиссияның сараптамалық корытындылары	
2	Жер қойнауы мониторингінің, жерасты сулары мониторингінің бағдарламалары және есептері (геодинамикалық мониторингті, сейсмологиялық мониторингті жүргізу бойынша)	
3	Кенорындарын игеру жағдайы (өз құзыреті шегінде)	
4	Өндіруші және нығызыдаушы ұнғымалар жұмысының технологиялық режимдері	
5	Кенорыны және объектілер бойынша әзіrlenімдердің жобалық және нақты технологиялық көрсеткіштерінің сәйкестігі	
6	Кенорындарын игеру, пайдалану және жайластыру жағдайы (кендердің энергетикалық жағдайы, мұнай және газ фонтаңдарының туындауын алдын алу шаралары, қабаттық және забойлық қысымдар динамикасы, ұнғымалар бойынша қанықтық қысымдары және тұтас алғанда кенорындарды жылдар бойынша жинау, есепке алу және өнімді дайындау)	
7	Бұргылау жұмыстарының жағдайы және ұнғымаларды салу сапасы	
8	Мұнай және газ ұнғымалардың консервациялау және тарату жағдайы	
9	Бағанааралық қысымдар (бағанааралық қысымдарының пайда болу себептері және оларды жою бойынша жүзеге асырылатын шаралар)	
10	Ұнғымалардың қоры (консервациялауда тұрған ұнғымалардың жағдайы; бағанааралық қысымы бар ұнғымалардың жағдайы; мұнайдың құйылуының қарқындылығы туралы мәліметтер)	
11	Өндіруші ұнғымалардың жұмысы туралы есеп (жынтық)	
12	Кенорындары бойынша жұмыс агенттінің, судың, газдың, мұнайдың және ілеспе газдың айдау көлемдері бойынша мәліметтер	
13	Мемлекеттік бақылау органдарымен келісілген ілеспе газды жағуға рұқсаттың болуы	
14	Газды жағу және кәдеге жарату туралы мәліметтер	
15	Аспаптар болуы, оларды сертификаттау туралы мәліметтер, өлшеу аспаптары бойынша тексеру актілері	
16	Барлық ұнғымалардың өлшеумен қамтамасыз етілуі	
17	Өлшеу қондырғыларының және өндірілетін минералдық шикізатты есептеуге арналған аспаптардың жағдайы	
18	Геодинамикалық мониторингті жүргізу жағдайы	
19	Өндірілген пайдалы қазбалардың және тұтас алғанда кенорыны бойынша және қабаттар бойынша ысырап есебінің дұрыстығы, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану саласындағы талаптарды бұзу салдарынан келтірілген залалды анықтау	
20	Аяқталған геологиялық барлау жұмыстарының нәтижесі бойынша аумақтық корларға есептерді уақытылы ұсыну және бастапқы материалдарды Өнірарапалық департаменттерге тапсыру	

21	2-лицензиялық-келісімшарттық талаптардың нысаны бойынша статистикалық есептілікті ұсыну уақытылығы және орындалған жұмыстар көлемінің дұрыстығы																			
22	Ақпаратты сатып алу туралы келісімге сәйкес геологиялық ақпаратты пайдаланғаны үшін ақы төлеудің уақытылығы																			
Жерасты сулары																				
23	Рұқсат беру құжаттарының, геологиялық барлау жұмыстары жобасының, тәулігіне екі мың және одан да көп текше метр көлемінде өндірістік-техникалық жерасты суларын барлауға және өндіруге рұқсаттың, кенорнын игеру жобасының болуы																			
24	Пайдалану ұнғымаларының жоба бойынша және нақты санының сәйкестігі, олардың орналасқан жері және есептеу сыйбасына сәйкес жүктемелері																			
25	Ұнғима жабдықтарының жобаларда белгіленген талаптарға сәйкестігі																			
26	Нақты өндіру көлемдерінің және 3-лицензиялық-келісімшарттық талаптардың статистикалық есептілік нысаны бойынша сәйкестігі																			
27	Кенорныңда жерасты сулары мониторингінің режимдік желісінің болуы және бақылау жүргізу																			
28	Санитарлық корғау аймақтарының болуы және олардың сақталуы																			
29	Ұнғымалардағы өлшеу аппаратураларының болуы																			
30	Талдау нәтижелерінің болуы																			
31	Жерасты суларын өндіру есебі																			
Қатты және кең таралған пайдалы қазбалар																				
32	Іздеу жұмыстары жобасының, бағалау жұмыстары жобасының, кенорнын игеру жобасының, жерасты сулары мониторингісі жобасының, пайдалы қазбалар жатқан аландарда құрылыштар салуға рұқсаттың болуы және геологиялық барлау жұмыстарының жобалық құжаттарының (геологиялық барлау жұмыстарының көлемдері, жүргізу әдістемесі) және Қазақстан Республикасының Қор жөніндегі мемлекеттік комиссиясының ұсыныстарының орындалуы																			
33	Кенорнын игерудің жобалық шешімдерінің сақталуы:																			
33.1	Пайдалы қазбалар қорларын өңдеудің толықтығы;																			
33.2	Қорларды өңдеу және құнтізбелік кестесінің кезектілік тәртібі;																			
33.3	Игеру жүйесі параметрлерінің сақталуы;																			
33.4	Тау-кен жұмыстарын жобалық нобайлары шегінде жүргізу;																			
33.5	<p>Ж о б а л ы қ көрсеткіштердің:</p> <table style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr> <td style="width: 30%;">-</td> <td style="width: 30%;">а р ш у</td> <td style="width: 40%;">коэффициентінің;</td> </tr> <tr> <td>-</td> <td>а р ш у</td> <td>көлемдерінің;</td> </tr> <tr> <td>-</td> <td>өндірү</td> <td>көлемдерінін;</td> </tr> <tr> <td>- құрделі тау-кен, тау-кен дайындық, кесу, пайдалану-барлау және толтыру жұмыстарының;</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>- қорлардың дайындық дәрежесі</td> <td></td> <td>нормативтерінін;</td> </tr> <tr> <td>- ысырап және құнарсыздану нормативтерінің сақталуы.</td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	-	а р ш у	коэффициентінің;	-	а р ш у	көлемдерінің;	-	өндірү	көлемдерінін;	- құрделі тау-кен, тау-кен дайындық, кесу, пайдалану-барлау және толтыру жұмыстарының;			- қорлардың дайындық дәрежесі		нормативтерінін;	- ысырап және құнарсыздану нормативтерінің сақталуы.			
-	а р ш у	коэффициентінің;																		
-	а р ш у	көлемдерінің;																		
-	өндірү	көлемдерінін;																		
- құрделі тау-кен, тау-кен дайындық, кесу, пайдалану-барлау және толтыру жұмыстарының;																				
- қорлардың дайындық дәрежесі		нормативтерінін;																		
- ысырап және құнарсыздану нормативтерінің сақталуы.																				
34	Аршу және тау-кен ұнғылау жұмыстарының артта қалу, бай участкерді іріктең өңдеуді, уақытша-белсенді емес пайдалы қазбалар қорларының түзілуін болғызбайтын және кейіннен оларды өнеркәсіптік игеру үшін жер қойнауында немесе тенгерімнен тыс корларды сактау және коймалауын қамтамасыз ететін кенорнын ұтымды және кешенді игеруін қамтамасыз ету																			
35	Геологиялық есептілікті және 1-лицензиялық-келісімшарттық талаптардың нысаны бойынша статистикалық есептілікті ұсыну уақытылығы және орындалған жұмыстар көлемінің дұрыстығы																			

36	Келісімшарттық аумақты қайтару жағдайы		
37	Жер қойнауын алдын ала зерттеудің толықтығын қамтамасыз ету (жұмыстар көлемін орындау, сынау әдістемесінің сақталуы, сынауды бақылау)		
38	Өндірілетін пайдалы қазбалардың сапасын басқаруга қажет, жер қойнауын ере жүретін зерттеуді қамтамасыз ету (сынау әдістемесінің, оны бақылаудың, талдау жұмыстарының сақталуы)		
39	Сыртқа шығарылатын және жер қойнауында қалдырылатын қорларды есепке алудың дұрыстығын қамтамасыз ету:		
39.1	Тенгерімдік қорлардың жылжуының бастапқы есебі;		
39.2	Қорлардың жылжуының жиынтық есебі;		
39.3	Қорлардың жылжуын есепке алу;		
39.4	Қорлардың есептік тенгерімі;		
39.5	Ысырап пен құнарсыздандының нақты көрсеткіштерін есепке алу;		
39.6	Бастапқы өндеу деректері бойынша мемлекеттік тенгерімде есепте түрган пайдалы қазбалар қорларын түзетуді жою;		
39.7	Аршылған, дайындалған және алуға дайын қорларды есепке алу;		
39.8	Уақытша-белсенді емес қорларды есепке алу;		
39.9	Геологиялық маркшейдерлік құжаттамалардың болуы және толтырылу уақытылығы;		
39.10	Пайдалану барлауының нәтижелері бойынша қорларды есептен шыгару және тенгерімге қою уақытылығы;		
39.11	Ойылып алынатын участкердің паспорттарының болуы және жүргізуін толықтығы;		
39.12	Қоймаланатын тенгерімнен тыс кендер мен аршу жыныстарын есепке алу.		
40	Қазып алу бірліктерін өндеудің толықтығы және оларды жою		
41	Кенорнында жерасты сулары мониторингінің режимдік желісінің болуы және бақылау жүргізу		

Барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес, жерасты құрылыштарын салу және (немесе) пайдалану

42	Барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес, жерасты құрылыштарын салу және (немесе) пайдалану бойынша жобаның, оның ішінде, жерасты сулары мониторингі жобасының болуы		
43	4-лицензиялық-келісімшарт талаптарының нысаны бойынша ұсынылатын статистикалық есептілікке нақты қоймалау көлемдерінің сәйкестігі		
44	Объектіде жерасты сулары мониторингінің режимдік желісінің болуы және бақылау жүргізу		
45	Талдау нәтижелерінің болуы		
46	Қоймалауды есепке алу		